



KORKYAT ATA
UNIVERSITY

<https://korkyt.edu.kz/>

SYR TÚLEGI

stydent jastar gazetі

1992 жылдың мамырынан бастап шығады

№18 (443) 24 қазан,
2024 жыл




Құрметті әріптестер!

Сіздерді Ел тәуелсіздігінің бастауы болып табылатын ұлттық мерекеміз – Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бүгінгідей абыройлы да айбынды, беделді де берекелі, ынтымағы мен бірлігі жарасқан еліміздің тек заманауи дамуын ғана емес, сонымен бірге оның көп ғасырлық бастау-бұлақтарын, тарихының тағылымы мен ұлы мұраттарын білдіреді.

Егемен еліміздің өркендеуі жолындағы барлық қадамдарыңызға сәттілік, бастамаларыңызға табыс, жаңуыңызға бақ-береке, шаттық пен қуаныш тілеймін!

Қастерлі Отанымыз – Қазақстанның көк байрағы мәңгілікке аспанда асқақтай берсін!



ТӘУЕЛСІЗДІК ЖОЛЫНДАҒЫ ТАРИХИ ҚАДАМДАР

Тәуелсіздік – тұмарым!

CONNECTED-2024: ҚАЗАҚСТАННЫҢ БІЛІМ БЕРУ ХАБЫНА АЙНАЛУЫНЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

Астанада өткен «CONNECTED-2024» халықаралық конференциясы аясында ұйымдастырылған Стратегиялық әріптестер форумы Қазақстанның жаһандық білім беру орталығы ретіндегі рөлін нығайтуға бағытталған маңызды қадам болды. Форумға 20-дан астам елден 1500-ге жуық делегат, жоғары оқу орындарының өкілдері мен халықаралық серіктестер қатысты.

Форумның негізгі тақырыбы – «Білім және болашақ ғылымы» болып, ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің модераторлығымен өтті. Жиында жоғары білім беру саласының дамуындағы өзекті мәселелер, сын-қатерлер мен болашақ мүмкіндіктері талқыланды. Қатысушылар білім мен ғылым саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту жолдарын талқылап, тәжірибе алмасты.

Министр Саясат Нұрбек өз баяндамасында Қазақстанның білім беру жүйесін нығайтудағы серіктестіктердің рөліне тоқталып, елімізді Орталық Азия мен Еуразияның білім беру хабына айналдыруға деген мақсаттарын атап өтті. Қазақстанның жаһандық білім беру орталығына айналуына мүмкіндік беретін жаңа серпін – бұл форумның басты нәтижелерінің бірі болмақ.

25 қазан – Қазақстанның мемлекеттік мерекесі, Республика күні аталған еді. Бұл күн еліміздің тәуелсіздікке бет алған алғашқы қадамдарының бірі ретінде тарихта ерекше есте қалды. 1990 жылы дәл осы күні Жоғарғы Кеңес Қазақстанның Мемлекеттік егемендігі туралы Декларацияны қабылдап, республиканың болашақ тәуелсіз мемлекет ретінде даму бағытын анықтады. Бұл құжат Қазақстанның саяси дербестігін жариялап, егемендікке деген ресми ниетін айқындаған маңызды тарихи акт болды.

Декларацияның қабылдануы елдің жаңа саяси мәртебесін белгілеумен қатар, Қазақстанның ішкі және сыртқы саясатта өз бетінше шешім қабылдау құқығын мойындатуға алғышарт жасады. Бұл кезең Кеңес Одағының ыдырауының алдында тұрған күрделі уақытта болып, елдің саяси және экономикалық болашағы белгісіз болғанымен, халықтың тәуелсіздікке ұмтылысын айқындап берді.

Тәуелсіздік деп жариялағанмен, жаһандану талаптары туындаған кезде толыққанды тәуелсіздікке жете алмай жатқандардың саны аз емес. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында: «Тәуелсіздіктің отыз жылын шартты түрде үш онжылдық бөлесе бөліп қарастыруға болады. Оның әрқайсысы атқарған миссиясы тұрғысынан ғасырдың жүгін арқалап тұр», - деп әр онжылдыққа сипаттама береді. Төртінші онжылдықта президентіміз қуатты ел боламыз деп болжам жасады. Шарықтап даму үстіндегі мемлекет болғаннан кейін, бұл белесті де бағындыратын күнде алыс емес.

Республика күні бүгінде тек тарихи естелік қана емес, сонымен қатар ұлттық бірлікті, мемлекетіміздің тәуелсіздігін, Қазақстан халқының болашаққа деген сенімін

білдіретін мереке ретінде атап өтіледі. Бұл күн еліміздің қол жеткізген жетістіктерін саралап, болашақта атқарар істерімізге бағыт береді. Экономикалық, саяси және мәдени салалардағы табыстарымыз елдің тәуелсіз даму жолының айқын дәлелі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен 25-қазан Республика күні мемлекеттік мереке ретінде бекітілді.

Еліміздің тарихында Мемлекеттік егемендік туралы Декларация Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің қаулысымен 1990 жылғы 25 қазанда қабылданғаны белгілі. Еркіндіктің символы – Егемендіктен дербес мемлекеттілігіміз бастау алды. Осы ретте, Ел Президенті 2022 жылғы 16 маусымда өткен Ұлттық Құрылтай отырысында атаулы күннің қайта жандану керектігін айтқан болатын, - деді Басқарма Төрағасы-Ректор Бейбітқұл Каримова.

Бүгінгі таңда Республика күні ұрпақтар сабақтастығын сақтай отырып, еліміздің жетістіктерін ұлықтау, ұлттық құндылықтарды құрметтеу және жаңа белестерге ұмтылууды дәріптейтін мереке ретінде ерекше маңызға ие. Тәуелсіз Қазақстан әлемдік аренада өз орнын нығайтып, тұрақты даму жолына түскен мемлекет ретінде танылып келеді. Елдің алдында тұрған үлкен мақсат – осы тәуелсіздіктің қадірін біліп, оны сақтап, болашақ ұрпаққа аманаттау.

Республика күні – бұл тек өткенді еске алып қана қоймай, болашаққа деген сенімді нығайтатын, егемендіктің мәнін терең түсінуге шақыратын мереке.

Тәуелсіздік үшін күрес, мәңгі күрес екенін ұмытпайық. Өскеден ұрпақ тәуелсіздікті сақтауға тәулік бойы еңбектенетініне сеніміміз мол. Бүкіл әлем Қазақстан құлпы жоқ, тесік қақпа емес екенін біледі. Сол себепті Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі Мәңгілік!

Басы 1 бетте

CONNECTED-2024: ҚАЗАҚСТАННЫҢ БІЛІМ БЕРУ ХАБЫНА АЙНАЛУЫНЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

Форум барысында халықаралық әріптестік саласындағы маңызды келісімдер де сөз болды. Атап айтқанда, Сеул Ұлттық Ғылым және Технологиялар Университетінің вице-президенті доктор Тэйхи Ким өз баяндамасында SeoulTech пен Қорқыт Ата университеті арасындағы ынтымақтастықты ерекше атап өтіп, 2025 жылы басталатын 2+2 Қос диплом бағдарламасы ту-

айта кету керек, Қорқыт Ата университеті мен Польшадағы Быдгощ Экономикалық университеті (WSG) арасында маңызды ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. Бұл келісім бірлескен ғылыми зерттеулер мен білім беру жобалары арқылы Қазақстан мен Польша арасындағы халықаралық серіктестікті жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.



ралы айтты. Бұл бағдарлама қазақстандық студенттерге Қазақстан мен Оңтүстік Кореяда қатар білім алу мүмкіндігін ұсынады және жоғары технологиялар саласындағы мамандарды халықаралық деңгейде даярлауға жол ашады.

Осындай стратегиялық бастамалар Қазақстанның білім беру жүйесінің әлемдік аренадағы беделін арттырып, халықаралық әріптестікті нығайтуға ықпал ететіні сөзсіз.

КОРЕЯ РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ УНИВЕРСИТЕТІМІЗДЕ ДӘРИС ОҚЫДЫ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде Корея Республикасы ұлттық ассамблеясының төрағасы У Вон Шик бастаған Корея делегациясымен кездесу өтті.

Айта кету керек, 2023 жылы У Вон Шик мырзаға Қорқыт Ата университетінің «Құрметті профессоры» атағы берілген. Ал қазір Қазақстанға ассамблея төрағасы ретінде У Вон

асырылып жатқан жұмыстармен танысты.

Еске салсақ, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті мен Сеул ұлттық ғылым және технологиялар университеті (СеулТех) арасындағы «Халықаралық ынтымақтастық бойынша жетекші университеттік жобасы» (LUPIC) аясында 2023 жылы Жасанды интеллект институты құрылды.



Шик мырзаның алғашқы ресми сапары университет студенттеріне дәріс оқуымен жалғасты.

Басқарма Төрағасы-Ректор Бейбітқұл Кәрімова университеттің құрметті профессоры У Вон Шикке білім беру және технология саласындағы бастамаларды дамытуға қолдау көрсеткені үшін алғыс білдірді. Кездесу барысында екіжақты бірлескен жобалар талқыланып, университет тарапынан ұсыныстар айтылды.

Корея Республикасынан келген делегацияның төрағасы У Вон Шик университет ұжымына ризашылығын білдіріп, өзара тиімді әріптестікті әрі қарай нығайтуға ниетті екенін жеткізді.

Сонымен қатар Корея Республикасының делегациясы Жасанды интеллект институтының жұмысымен танысып, СеулТехпен бірлесіп іске

Былғы оқу жылында ҚР ҒЖБМ СеулТех бағдарламалары бойынша оқитын үміткерлерге 100 грант бөлініп, қазіргі уақытта 4 бірлескен бағдарламалар бойынша оқу басталып кетті.

Келесі оқу жылынан бастап СеулТехпен AI architect және Data management бойынша қос дипломды бағдарламалар іске асырылатын болады. СеулТехтің тарапынан зертханалық класстар ашылып оларға қажетті жабдықтар, серверлер келіп, бизнес-инкубатор орталығы ашылып дрондар жинайтын инженерлерді даярлау басталады.

Алдағы уақытта СеулТехпен ғылыми-техникалықынтымақтастық аясында оқытушылар тәжірибе алмаспақ. Студенттер ағылшын, корей тілдерінде білім алады.

Қорқыт Ата университетінде Эразмус+ бағдарламасының ақпараттық сессиясы өтті

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде Еуропалық Одақтың Эразмус+ бағдарламасы бойынша ақпараттық сессия ұйымдастырылды. Іс-шараға Қазақстандағы Эразмус+ бағдарламасының Ұлттық кеңесінің үйлестірушісі Лаура Палуанова, университеттің академиялық мәселелер жөніндегі проректоры Дана Абдрашева, профессор-оқытушылар мен студенттер қатысты.

Ақпараттық сессия барысында Лаура Қалабайқызы баяндама жасап, халықаралық кредиттік ұтқырлық бағдарламалары, Эразмус Мундус бірлескен магистірлік бағдарламалары, жоғары білім әлеуетін арттыру және Жан Моне жобалары туралы жан-жақты ақпарат берді. Сонымен қатар, қатысушыларға Эразмус бағдарламалары аясында бәсекеге қабілетті жобалық өтінімдерді қалай дайындау керектігі түсіндірілді.

«Жобалардың басты мақсаты - әлеуетті арттыру. Бұл жоғары оқу орындарының, оқытушылардың және студенттердің мүмкіндіктерін дамытуға бағытталған. Студенттер Еуропада магистратура бағдарламаларына тегін қатысып, бірнеше елде білім алу мүмкіндігіне ие. Эразмус бағдарламасы арқылы әр семестрде түрлі еуропалық елдерде оқуға болады. Екі жыл ішінде студент 2-3 еуропалық елде білім ала алады», - деді Лаура Палуанова.



Бұл сессия оқытушылар мен студенттерге шетелдік оқу орындарымен ынтымақтастық орнатуға және халықаралық білім беру бағдарламаларына қатысу мүмкіндіктері туралы толық ақпарат алуға мүмкіндік береді. Эразмус+ бағдарламасы Қазақстан мен Еуропа арасындағы білім беру және мәдени байланыстарды нығайтуға айтарлықтай үлес қосуда.

УНИВЕРСИТЕТТЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАС ҚАРҚЫНДЫ ДАМУДА

Жыл сайын оқу орнына келетін шетелдік ғалымдардың саны артып келеді. Былғы оқу жылында Басқарма Төрағасы-ректор Бейбітқұл Кәрімованың кезекті шетелдік ғалымдармен кездесуі өтті.

«Біз барлық бағыт бойынша нақты қадамдар жасап, жүйелі жоспарды жолға қойдық. Соның ішінде халықаралық байланыстардың барынша нығаюына тың серпін бердік. Нәтижесі жаман емес. Халықаралық байланысты жаңа деңгейге шығару үшін университеттің орасан зор әлеуеті бар. Университет шетелдік әріптестермен ынтымақтастықты кеңейтіп, тұрақты байланысты сақтауға мүдделі», - деді Бейбітқұл Сәрсемханқызы.

Халықаралық байланыстардың кендігі оқу орнының жоғары кәсіби деңгейін мойындаудың маңызды көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Алдағы уақытта шетелдік серіктестермен әртүрлі бағытта ғылыми-зерттеу, жобалау және білім беру қызметінде ынтымақтастықты жалғастыру жоспарлануда.

БІЛІМДЕ ШЕКТЕУ ЖОҚ, ТЕК ҚОЛДАУ БАР

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің 7 студенті Оңтүстік Кореяның Кангнам университетінде білім алады. Студенттер академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында іріктеліп, шетелге оқуға жіберілді. Олардың екеуі гранттық негізде, ал бесеуі ақылы негізде білімін жетілдіруде. Олай болса, қиыр шығыстағы елде білім алуға кеткен студенттермен байланысқа шығып, сұхбат жүргіздік.

- Қайырлы күн, студенттер! Ең алдымен, оқу үдерісін салыстырсақ. Кангнам университетіндегі оқу үдерісі Қазақстандағы университеттермен салыстырғанда қандай айырмашылықтарға ие?

- Қазақстандағы университеттермен салыстырғанда Кангнам университетінде үлкен өзгешілік бар. Студенттер біз сияқты топтарға бөлінбейді. Әр студенттің ерекше нөмері болады. Ал сабақты өздерінің ыңғайына байланысты уақытын, мұғалімді және пәнді таңдап, өзгерте алады. Емтихандары да басқаша. Бізде модуль мен сессияны қосқанда 3-еу емес, тек 2 емтихан. Және сабақ мейрам уақытына келіп қалса да, сол сабақ онлайн форматта болсын, бейне сабақ болсын өткізіледі, - деді Айгерім Менлібек.

- Кангнам университетінде оқу үдерісі өте қарқынды және ұйымдасқан. Студенттердің өзіндік жұмыс істеуі басымдық, ал практикалық тапсырмаларға үлкен мән беріледі. Оқытушылардың студенттермен жеке жұмыс істеу деңгейі де жоғары, бұл Қазақстандағы дәстүрлі лекциялар мен семинарларға қарағанда өзгеше, - деді Жауқазын Қазыбекқызы.

- Оңтүстік Кореядағы профессорлардың оқыту тәсілі сіздердің білім алу тәсілдеріңізге қалай әсер етті?

- Профессорлар оқыту процесін студенттің мойнына артып қоймайды. Сабақты қажетті баға үшін емес, керекті ақпарат ояға қондырту үшін жүргізіледі. Студент өз зерттеулерін өздігінше жүргізіп, сабаққа алдын ала дайындалып келеді. Профессор лекция барысында қызықты бейне-жазба көрсетіп, айтылған ақпаратты іс жүзінде көрсетеді, - деді Айгерім Менлібек.

- Иә, профессорлар оқыту барысында зерттеушілік және аналитикалық ойлауды дамытуға көп көңіл бөледі. Бұл менің сабақты тек тыңдап қана қоймай, өз бетімше материалды зерттеп, тереңірек түсінуге ынталандырды. Және тағы бір нәрсе кері байланыс өте-өте көп. Сұрақ-жауап, пікірталас сабақтың басым бөлігінде болатын процес. Қазіргі таңда мен алып жатқан пәндердің ішінде ағылшын сабақтары да бар. Соның ішінде Дэйк профессордың сабақ беруі менің мнымдағы сабақ беру тәсіліне мүлде таңсық болды. Оның сабақтарында практиканың неше түрі орындалады. Әр тапсырмасын орындаудан кейінгі өзімнің нәтижесімнің қалай өзгеріп жатқанын байқай аламын, - деді Жауқазын Қазыбекқызы.

- Студенттер арасындағы академиялық бәсекелестік деңгейі қандай?

- Студенттер арасында бәсекелестік жақсы баға үшін жүргізіледі. Емтихан уақытында барлығы күні бойы дайындықпен өткізеді. Алайда әлемнің барлық студенттері секілді қажет емес, не қызық емес сабаққа белсенділік болмауы мүмкін болса да, барлығы сабаққа үнемі дайын болып келеді. Студенттер сонымен қатар жақсы жұмысқа түру үшін барлығын жасайды, қосымша волонтерлік іс-шараларға, қосымша іс-шара, жарыстардың ешқайсысын жібермеуге тырысады, - деді Айгерім Менлібек.

- Кореядағы мәдениетке бейімделу барысында қандай қиындықтар немесе тосын-сыйлар болды?

- Кез келген затқа адамдар кезек жасайды. Мәселен, қоғамдық көлікке мінуге, қандай зат сағып алса да, кезекке тұрып алады. Дүкендер

24/7 жұмыс істейді. Ал түнгі уақытта немесе демалыс күндерінде сатушы болмағанның өзінде адамдар өздері заттарын төлеп кете береді. Сол дүкеннің ішінен тойымды тағам сағып алып, микротолқынды пешке ысытып, жей берсеңіз болады. Кез келген күні Сеулда бір қызықты іс-шара немесе уақыты шектеулі дүкендер, т.т. ерекше шаралар ұйымдастырылып тұрады, - деді Айгерім Менлібек.



- Ең алдымен тілдік бейімделу деп айтар едім. Өйткені мұнда адамдардың көп бөлігі ағылшынша мүлде білмейді. Ал біздің айтқымыз келетін нәрсеге корейше деңгейіміз жетпей қалатын. Сол себепті үнемі аудармашының көмегіне жүгінетіміз. Одан бөлек, егер сіз ащы тағамдарды жемейтін адамдар қатарында болсаңыз, тамаққа тапсырыс берген анықтап ескертпесеніз, олардың өздеріне білінбейтін ащысы сіз жей алмайтын деңгейде болуы мүмкін. Сондай-ақ достар табамын деген ниетіңіз болса, онда бұл жақта адамдардың қарым-қатынасқа өте сезімтал қарайтынын ескеріп, абай болуыңыз керек. Корейлердің көбі өздері алғашқы қадамды ұсына бермейді. Өйткені ділдерінде адамның жеке шекарасын құрметтеу жақсы сақталған.

Қоғамдық тәртіп өте жоғары деңгейде. Автобус, метроға мінгенде міндетті түрде сіз мінгелі жатқан транспорттың номеріне кезекке тұрып күтесіз. Автобуста қанша орын бос сонша адам гана мініп қалғаны келесісін күтеді.

Корей халқы көмекке дайын тұратын мейрімді халық екенін де байқатты. Біз алғаш келген қартадан көп қателесетінбіз, сонда көмек сұрасақ жолымызда кездесетін адамдардың бәрі де ерінбей түсіндіріп, тіпті жақын жер болса жол көрсетіп, апарып тастайтын, - деді Жауқазын Қазыбекқызы.

- Кореядағы студенттердің күнделікті өмірі (тамақтану, демалыс, спорт) қандай ерекшеліктерге ие?

- Студенттерге арнайы жатаханада спорт залы бар, ал кампуста 24/7 жұмыс істейтін дүкендер орналасқан. Студент өз сабақ уақытын өзі таңдайтындықтан ыңғайлы күні басқа қалаға қыдырып кете алады. Кампус ішінде тегін автобус жүретіндіктен қиналмай сабаққа бара алады. Сонымен қатар, кампуста үлкен кітапхана, кафетерий және сабақ оқуға ыңғайлы түрлі бұрыш, бөлме орындықтар бар, - деді Айгерім Менлібек.

- Академиялық ұтқырлық бағдарламасы сіздердің болашақ кәсіби дамуыңызға қалай ықпал етті деп ойлайсыздар?

- Болашақ маман ретінде өз мамандығым бойынша біліктілігімді, шеберлігімді арттыруға мүмкіндік алдым. Оның ішінде өзге елдің білім беру бағдарламасымен танысып, корей тілі ана тілі болып табылатын студенттермен до-

стасу арқылы күнделікті араласу тілді оңай меңгеру процесін жеделдетіп жатыр деп ойлаймын. Сонымен қатар, Кангнам университетінің студенттерінің жақсы жақтарын өзімізге алып, олар сияқты уақытының көп бөлігін университеттегі сабақ оқитын жерлерді өткізіп, уақытымды білім алуға арнап жатырмын, - деді Жауқазын Қазыбекқызы.

- Бұрынғыдан гөрі мен нақты көзқарасымды кеңейттім деп айта аламын. Қазақстанда мән бермеген заттар қазір көзіме түсіп жатыр. Сонымен қатар, осы елде мен өзімнің мамандығым бойынша оқып жатқан 2 тілді де үнемі қолдану үстіндемін. Шетелдіктер барлығы біз секілді адам. Тіл соның бір белгісі. Осындай білім деңгейі бойынша әлемнің ең жоғарғы орында тұрған елде оқып, басқа әдіс-тәсілдермен үйрететін шебер ұстаздардан өзіме сабақ алып жүрмін. Осы менің болашақ жұмысыма үлкен бір қадамның бірі деп санаймын, - деді Айгерім Менлібек.

- Бағдарламаның артықшылықтары мен кемшіліктеріңіз қалай бағалайсыздар?

- Академиялық ұтқырлық бағдарламасы арқылы мен шет елде өмір сүру қалай болады екенін түсіндім. Бағдарлама артықшылығы – басқа елден білім алу мүмкіндігі, өз білімді Қазақстанда жоқ ақпаратпен кеңейту. Осы жобаның мен байқаған әзірше кемшілігі жоқ, - деді Айгерім Менлібек.

- Иә, артықшылығы ретінде жаңа білім, өзге елдің мәдениетімен, өмір сүру салтымен танысу арқылы тұлғалық даму, әлемнің түкпір-түкпірінен келген студенттермен тіл табысу, коммуникация арқылы тәжірибе жинауды да қоса кетейін, - деді Жауқазын Қазыбекқызы.

- Оңтүстік Кореяда академиялық ұтқырлық арқылы қандай жаңа дағдыларды меңгердіңіздер?

- Бұл елде академиялық ұтқырлық арқылы бірнеше маңызды дағдыны меңгердім. Біріншіден, бұл жаңа мәдениетке бейімделу және әртүрлі мәдениет арасындағы айырмашылықтарды жақсы түсіну дағдысы. Сонымен қатар, корей тілін оқып, оны күнделікті өмірде қолдану қабілетін дамытып жатырмын. Академиялық тұрғыдан алғанда, Кореядағы оқу жүйесі маған өзіндік зерттеу, уақытты басқару және креативті жобаларды дайындау дағдыларын үйретті. Тағы бір маңызды дағды – бұл көпмәдениетті ортада жұмыс істеу және өз идеяларымызды әртүрлі тілдерде жеткізе білу, - деді Жауқазын Қазыбекқызы.

- Сіздерге қолдау көрсететін ресурстар немесе студенттік ұйымдар бар ма?

- Маған қолдау көрсететін ресурс бұл Қорқыт Ата университеті бойынша жеңіп алаған гранттық білім алу. Осы арқылы мен бұрын соңды болмаған тәжірибе алуға мүмкіндігім пайда болды. Мені қолдаған ұстаздарыма рақмет! - деді Айгерім Менлібек.

- Оңтүстік Кореяда академиялық ұтқырлық бағдарламасы арқылы оқып жатқанда, маған үлкен қолдау көрсетіп келе жатқан бірнеше ұйымға, адамға алғысымды білдіргім келеді. Ең алдымен, Қорқыт Ата университетіне осы мүмкіндікті ұсынғаны үшін ерекше ризашылығымды айтамын. Олардың қолдауы мен сенімнің арқасында мен жаңа білім алып, түрлі дағдыларды меңгеріп жатырмын. Бұл бағдарлама менің тәжірибемді кеңейтіп, кәсіби дамуыма сөзсіз ықпал етуде, - деді Жауқазын Қазыбекқызы.

- Рақмет, болашақта мықты маман болып қалыптасуларыңызға сенеміз. Университетіміздің, еліміздің мақтанышына айналасыздар деген ойдамыз!

IV Халықаралық Эндаумент форумы өтті

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде «Эндаумент қорларын басқарудағы цифрландыру және технологиялық инновациялар» тақырыбына арналған IV Халықаралық эндаумент форумы өтті. Бұл іс-шараның мақсаты – эндаумент қорларының басқару саласына цифрлық технологиялар мен инновацияларды енгізу мәселелерін талқылау үшін сарапшыларды, практиктерді және ғалымдарды жинау болды.

Форумға ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, шетелдік университеттердің өкілдері (University of Minnesota, University of Michigan, Izmir Katip Celebi University, МГИМО), сондай-ақ Қазақстанның жетекші университеттері мен эндаумент қорларының өкілдері және академиялық қоғамдастық мүшелері қатысты. Саясат Нұрбек өз сөзінде эндаумент қорлары туралы заң жобасы биыл ҚР Парламенті Мәжілісіне ұсынылғанын атап өтті. Сонымен қатар, Мәжіліс депутаты Ерболат Саурықов бұл заңның мақсаты жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттарындағы эндаумент қорларының тиімділігін арттыру екенін мәлімдеді.

Миннесота университетінің даму жөніндегі бас директоры Сьюзан Холтер университеттің оқытушылары, қызметкерлері және түлектері эндаумент қорына қаражат жинауға айтарлықтай үлес қосатынын айтты. Форум барысында сарапшылар түрлі шығармашылық сессияларға



қатысып, қаражат жинаудың заманауи технологиялары, эндаумент қорларымен жұмыс істеу тәжірибесі және цифрлық басқару шешімдерін енгізу жөнінде пікір алмасты. Спикерлер қатарында «Истоки» эндаумент қорының өкілі Елена Щетинина, «Start Time» краудфандинг платформасының жасаушысы Азиза Өтегенова және Қазақстандағы нейрожелілермен жұмыс істеуге арналған алғашқы мектептің негізін қалаушы, IT-сарапшы Артур Магдальянов және басқа да мамандар болды.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінен «Korkyt ata endowment»

корпоративтік қорының директоры Маржан Базарханова қатысты. Айта кету керек, қор өз қызметін жасағанына биыл үш жыл болады. Қордың басты мақсаты - университеттің ұзақ мерзімді қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету. Қор арқылы жиналған қаражат білім беру, зерттеу жұмыстары және дарынды студенттерге қолдау көрсету үшін стратегиялық маңызды бағыттарға жұмсалды. Сонымен қатар, Эндаумент қоры университетке тәуелсіз қаржылық негізді қалыптастырып, білім сапасын арттыруға және жаңа бастамаларды дамытуға мүмкіндік берді.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ: ҚОРҚЫТ АТА УНИВЕРСИТЕТІНДЕ СЕМИНАР-МӘЖІЛІС ӨТТІ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» және «Ақпараттық қауіпсіздік» мамандықтары бойынша оқу-әдістемелік бірлестіктің көшпелі семинар-мәжілісі өтті. Семинардың басты тақырыбы – «Жасанды интеллект: тиімді қолдану уақыты».

Семинарға еліміздің әр өңіріндегі жоғары оқу орындарының проректорлары, декандары мен оқытушылары қатысты. Семинар барысында қатысушыларға университеттің 5 оқу ғимараты таныстырылды. Кампус туры аясында қонақтар жасанды интеллект технологияларын оқу процесіне енгізудің артықшылықтарын көріп, оны оқу аудиторияларында, зертханаларда және IT-инфрақұрылымдарда қалай қолдануға болатынына куә болды.

Оқу ғимаратын таныстыруға ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор Майнұр Әбілтайқызы мен стратегиялық даму және IT жөніндегі прорек-

тор Махмұт Мұратұлы, академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Баянәлі Амантайұлы, жасанды интеллект институтының директоры Нұрлан Құлмұраев және профессор, химия ғылымдарының кандидаты Нұрбол Аппазов қатысты.

Семинарда IT-білім беру саласындағы инновациялар, жасанды интеллекттің білім беру жүйесінде қолданылу мүмкіндіктеріне салыстырмалы талдау жасалды. Модератор ретінде ХАТУ АҚ басқарма төрағасы-ректоры Асылбек Исахов сөз сөйледі. Исахов өз сөзінде жасанды интеллектті жоғары білім беру жүйесіне енгізуге бар күш-жігерін салатынын атап өтті. Сонымен қатар, ХАТУ университеті жасанды интеллекттің 100 пайыз қолданысқа енгізгенін жеткізді. Келесі құттықтау сөздер Қорқыт Ата университетінің ректоры Бейбітқұл Сарсемханқызы мен ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің өкілі Гульжан Сағидоллаевна берілді.

Г.Сағидоллаевна өз сөзінде: «Жоғары оқу

орындарының бірлестігінің кезекті отырысына Қорқыт Ата университетінде жиналып отырмыз. Қорқыт Ата университетін таңдаған себебіміз – Сеул техникалық университетімен бірлесе отырып Жасанды интеллект жоғары мектебінің ашылуы. Бұл жоба елімізде жасанды интеллектті дамыту бойынша Президенттің тапсырмасын орындау аясында жүзеге асуда. Университетте жасанды интеллект жұмыстары қалай жүріп жатқандығын көріп, оның болашақтағы маңызы мен мүмкіндіктерін талқылау», – деп атап өтті.

Семинарда HUAWEI компаниясының жасанды интеллект саласындағы шешімдері ұсынылды, сондай-ақ қатысушыларға тәжірибелік сессиялар өткізіліп, олар жасанды интеллектті тиімді пайдалану бойынша нақты дағдыларды меңгеруге мүмкіндік алды. Семинар IT мамандарын даярлаудағы жаңа тәсілдер мен инженерлік білім берудің заманауи моделін талқылауға арналды.

ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНДА ҚР ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРІНІҢ КЕҢЕСШІСІ КӘСІБИ БАҒДАР БЕРУ БОЙЫНША КЕЗДЕСУ ӨТКІЗДІ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде кәсіби бағдар беру бойынша ата-аналар мен түлектерге арналған кездесу өтті. Жиында Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма мүшесі - стратегиялық даму және IT жөніндегі проректор Махмұт Томаманов университеттің артықшылықтары мен стратегиялық дамуына тоқталды.

Кездесуге ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің кеңесшісі Руслан Емелбаев және профориентолог, @eduserg.online негізін қалаушы Айдос Жұманазаров қатысып, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Кездесуде талапкерлердің жоғары оқу орындарына оңтайлы әдіспен құжат тапсыруы, мамандық таңдау, грант бөлінісі мен оған түсу ықтималдығына өз бетінше анализ жасау және мемлекеттік бағдарламалар мен түрлі лайфхактар туралы айтылды. Сонымен қатар, халықаралық

диплом алу және оқу орнын ауыстыру жолдары да түсіндірілді.

«Бүгінгі кездесу барысында түлектерге сауалнама жүргіздік. Нәтижесінде басым бөлігі биология-химия пәндері мен мегаполис қалаларды таңдаған. Сонымен қатар, еңбек нарығының сұранысын ескермей, ата-аналар мен бітіруші түлектер білім гранты көп бөлінетін мамандықтарға таңдау жасайды.

Біздің мақсатымыз - әрбір оқушының қабілеттілігі мен бейімділігін ескере отырып, болашақ мамандығын саналы түрде таңдауға ықпал ету», - деді Айдос Жұманазаров.

Жиынға қалалық білім бөлімі басшысы Жаннат Садуақасова, Қызылорда қаласы бойынша 57 мектептің түлектері, мектеп директорлары, орынбасарлары және ата-аналар қауымы қатысып, сала мамандарына көкейтесті сұрақтарын қойды.

Қатысушылар өзара пікір алмасып,

тәжірибелерімен бөліскені үшін ризашылықтарын жеткізді. Қазіргі таңда Қызылорда облысының аудандарында түсіндірме жұмыстары жалғасын табуда.



ТҮРКІ ЖАСТАРЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ АРТТЫРУҒА МҮДДЕЛІ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетіне «Мәдени мұра» халықаралық жобасы шеңберінде Түркияның Анталия қаласынан жастар делегациясы келді.

жастардың бойына сіңіруіміз керек. Жобаның мақсаты да сол екі ел арасындағы мәдени байланысты жаңғырту. Түрік жастары үшін үлкен тәжірибе алаңы болды. Алда бірлескен жобамыз

концерті жоғары деңгейдегі өнерімен ерекше әсер қалдырды. Концерттік бағдарлама терең ой мен ұлттық рухты бойына сіңірген қазақтың күйлері мен әндерінен тұрды.

Бұдан бөлек, түркиялық делегация жастар театрының сахналауында «Шәмші сүйген Изольда» атты сыған қойылымын тамашалады. Қойылым Шәмші Қалдаяқовтың өмірінен алынған оқиғалар негізінде өрбіп, екі жастың арасындағы махаббат хикаясын баяндады.

Мәдениет апталығы аясында қонақтар «СырЭтноДизайн» балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық үйірмелер орталығының салтанатты ашылуының тұсаукесеріне қатысты. Меймандар балалар көрмесін тамашалап, жеткіншектер өз қолдарынан шыққан сыйлықтарын табыстады. Ары қарай, «Дизайн және технологиялар» білім беру бағдарламасының студенттерімен «Ұлттық колөнер сыры» шеберлік сағатына қатысып, ұлттық құндылықтармен танысты.

«Көрмеге қойылған кесте, киіз, тоқыма үлгілері өте әдемі. Онда оюлардың ерекшелігі, үйлесімді қолданылуы таңқалдырды. Біздің мәдениетіміз бір-бірімен тоғысқан. Қазақ жері біз үшін түркі халқының атақонысы. Осы ортақ мәдениеттің әлі жалғасын тапқаны шын қуантады», - деді Анталия жастар орталығының директоры Кизбан Гюрдал.

Бағдарламаға сәйкес, анталиялық жастар бос уақыттарында университет жастарымен қызықты әрі тиімді уақыт өткізді. Қызылордалық жастардың жатақханадағы бір күндік өмірімен танысып, Сырдың самал кешінде қазақ тілінде ән айтып, ашық аспан астында фильм тамашалады. Ал «Қызық эстафета» спорттық ойындары жастардың достық қарым-қатынасын одан әрі арттыра түсті.

Сапар барысында Қызылорданың әсем жерлерін аралап, Назарбаев зияткерлік мектебін, облыстық өлкентану мұражайын аралады.



Шетелдік меймандар құрамы Ақдениз университеті, Анталия Білім университеті, Анталия жастар орталығынан келген 16 адамнан құралды.

Басты мақсат - Түркия елінің Мәдениет және спорт министрлігі мен Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті арасындағы «Мәдени мұра» халықаралық жобасын жандандыру.

Сапар аясында түрік жастары қазақтың салт-дәстүрімен танысып, университеттің тыныс-тіршілігін көріп, екі ұлттың жастары өзара тәжірибе алмасты.

Бізді тарихымыз бен мәдениетіміз біріктіреді

Университет ұжымы қазақ елі, оның ішінде Сыр еліне алғаш табан тіреген түркітілдес бауырларды ыстық ықыласпен қарсы алды. Мәртебелі меймандар алдымен Қаламгерлер аллеясында «JaStar» студенттік ұйымдарының танысу кешіне куә болды.

Кешке Басқарма Төрағасы-ректор Бейбіткүл Қаримова арнайы қатысып, шетелдік қонақтарға қошемет көрсетті.

Бағдарламаға сәйкес, түркиялық қонақтар киелі Қармақшы жеріне сапар шегіп, Қорқыт ата кесенесін аралады. Бірлігі жарасқан, 11 ұлт өкілінің басын қосқан «ПІ Интернационал» ауылына барды.

Ғылым мен білімде шекара жоқ

Тағлымды сапардан кейін делегациямен университет басшылығы ресми кездесті.

Оқу орнының Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры Майнұр Бөрібаева мен Әлеуметтік тәрбие жұмыстары жөніндегі проректоры Жандос Базартай жоба аясында атқарылған жұмыстардың нәтижесін айтып, кәдесый табыстады.

«Біздің ата жұртымыз, бабалар топырағына алғаш келуіміз. Бірінші күннен бастап қазақ жұрты керемет қарсы алып, барлық тарихын көрсетуде. Бауырлас ұлт ретінде атадан қалған мұрамызға, тарихи жәдігерлерімізге, салт-дәстүрге ие болуды, оларды жаңа заман талабымен үйлестіруді

жалғасын табады деп сенемін», - деді Анталия жастар орталығының директоры Ремзи Полат.

Сонымен қатар, түрік жастары университеттің оқу ғимараттары мен мұражайын аралап, материалдық-техникалық базасымен танысты.

Келелі кездесуден кейін қонақтар мәдениет апталығы аясында ұйымдастырылған іс-шараларға қатысты.



Қазақ елі – түркі әлемінің қара шаңырағы

Қазақ елінің даласы - көшпенді өмір салтының негізінде қалыптасқан түркі өркениетінің төл бесігі. Бүгінде ұлы құндылықтарымыз әлі күнге дейін қазақ ортасында сабақты жалғасын тауып келеді.

Түркияның Анталия өңірінен келген мәртебелі қонақтар қазақ халқының мәдени мұрасымен жақынырақ танысып, университеттің шығармашылық топтарының өнерін тамашалады. «Дидар» халықтық фольклорлық-этнографиялық ансамблінің «Ұлы дала әуендері»

Облыстық жастар орталығы мен Қазақстан халқы Ассамблеясы республикалық қоғамдық ұйымының жастарымен кездесіп, пікір алмасты.

Айта кетейік, Анталия жастар делегациясының сапары Түркия елінің Мәдениет және спорт министрлігі мен Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті арасындағы «Мәдени мұра» халықаралық жобасы аясында ұйымдастырылды. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің делегациясы маусым айында Анталияға барып, тәжірибе алмасқан.

Назерке ШАРАПАДДИН,
«Медиа орталық» жетекшісі

«ҒЫЛЫМҒА АДАЛДЫҚ КЕРЕК!»

К.Сейтжанқызы

«Ғылымға адалдық керек» дейтін оның сөзі – расымен де шынайы. Олай дейтіміз, ол жазатын мақаласының әр сөзі емес-ау, әр әрпі мен тыныс белгісіне аса ұқыптылықпен қарайды. Мақаланы құдды бір тірі жан-



дай аялап, сөйлесе ме дерсіз! Иә, мен асыра сілтеп не асыра айтып отырғаным жоқ. Оның бойынан ғылым үшін, ұстаз болу үшін туғандай бекзаттық байқаймын. Сол үшін де осылай айтам. Ол – бір кездері Алатау баурайында атағы жер жарып, қолы жетіп, арманы орындалғандардың ғана оқитын оқу орны, білім мен ғылымның қарашаңырағы – ҚазМУ-дың филологиясын бітіріп, үлкен өмір жолын Сыр өңіріндегі М.Мәметова атындағы педагогикалық училищесінің оқытушысы қызметінен бастап, одан соң өңірдегі бірегей білім ордасы – Қорқыт жалғастырып, күні бүгінге дейін осы жерде жұмыс істеп келе жатқан Күлдірсін Сейтжанқызы Сарышова.

Ата-анадан ерте қалып, анасынан қыз балаға дәл дос, жанашыр жан болар шағында көз жазып қалған Күлдірсін апайдың бойжеткен өмірі – әуелі Алла, содан соң туған тәтесі мен жездесінің қамқорлығымен өтті. Елге сыйлы, ел ағасы – жездесінің жарынын ғана емес, оның ізінен ерген ширетпей бауырларына қамқорлығы, азаматтығы арқасында Күлдірсін жетімдіктің не екенін білмей өсті десе де болады. Ер азаматтың жанындағылардың жағдайын өзінің жай-күйіндей сезінетін сезімталдығынан болар, бір үйдің үйелмелі-сүйелмелі балаларына көрсетілген құрмет те ерекше-тін. Содан да Күлдірсін Сейтжанқызының бойындағы тектілік, бекзаттық оны көптен ерекшелеп, әсемдендіре түсетіндей.

Маған апайдың өзіне тән сапалылығы мен өзіне ғана жарасатын кербез сұлулығы оның өзі зерттеп жүрген саласымен тығыз байланыстыдай көрінеді де тұрады. Сейтжанқызының тіл экологиясын, сөйлеу мәдениетін, қазақ әдеби тілі, оның нормалары мен стильдерін, тіл білімінің жаңа бағыттарын, қазақ фразеологиясының ғылыми парадигмаларын, когнитивті лингвистиканың қарастыратын нысандарын зерттеуі кезіндегі өзін ұмытатындай күй кешетіні – ғылымға деген адалдығы десем, артық айтпағаным. Ал сабақ берудегі стилі ше?! Онысы – бөлек әлем. Теориядан бастап, тіл құдіреті, сөз киесі, оның әсері жайындағы баяндауы – кім кімді де бей-жай қалдырмас еді. Ұстазының айтарына бар үмітін үкілеп, дәріс тыңдауға асығатын білім алушылардың

ынтасы мұндайда тіпті ерек. Апапаларының мірдің оғұндай әр сөзіне қадала түсіп, құмары қанғанша ішкісі келер шәкірттердің ықыласына сүйінесің. Сүйсініп тұрған сүйікті жанның сүйкімділігіне сұқтана түресің!

Иә, Сарышованың араласпаған, білмейтін жанға тәкаппарлау, кірпияз боп көрінері анық. Ал шын мәнінде ол – жаны тым нәзік, сәл нәрсеге балаша өкпелегіш, көп жағдайда балаша аңғал, аңқау. Пендешіліктің ауылынан гөрі ғылымның ғаламатына көбірек ғашық жанның әр ісі – мұнтаздай. Кафедрадағы берілген тапсырмаға да, оқу тобымен өткізілетін іс-шараға да, өз қағаздарына тап-тұйнақтайы да – осы Сарышова. Сарышова – үнемі елдің алдында, бірінші. Мұнысына кейде ұжымдастары: «Бірінші болмай тұра тұрыңызшы, сіз болдым дегесін, бізді де асықтырады. Сіз асықпасаңыз, бізге де уақыт болады», - деп әзілі-шыны аралас айтатыны бар. Бірақ одан асықпайтын Сейтжанқызын көрмейсіз. Бәрі уақытылы, бәрі орнымен.

Қызметте қандай ұқыпты болса, ол – отбасында да тәртіп адамы. Босағасынан кіргеннен тап-тұйнақтай, айнадай жарқыраған кіре берісті аяғыңмен басуға қымсынасың. Ондайда біз әзілдеп: «Шашылып жататын күні бар ма, осы үйдің?!» дейміз. Ал арғы жағында үйіне кірген адамға әрқашан құшағы ашық, күндей күлімдеген отанасы – Күлдірсін апайдың ыстық бәліші мен бауырсағы, қаймағы қалың күрең шәйі ішпесіне қоймай, ыстық ілтипатын төгіп, қарсы алады.

«Бай қарағанға – бақ қарайды» деген жөн сөз бар. Қазақ айтса – қалп айтпайды. Бәрін ретімен, жөнімен айтады. Марқұм жолдасы, белгілі арабтанушы, ұстаз Шәрбай ағаның жарына деген махаббаты, балаларына берген өсиет-өнегесі – қазіргі отбасының берік қамалындай. Екі бірдей: ұлы мен қызы – заң саласының білгір мамандары болса, олардан өрбіген ұрпағы – апайдың шөл басарлары, жанының медеті. Қызметтегі интеллигент ғалым – немерелеріне – шуақты әже. Оларға деген әжелерінің мейірімі – тіпті бөлек, алабөтен.

Бүгінде Күлдірсін Сейтжанқызы екі 30-ды бағындырып отыр. Алпысқа әдемі келді, ғылымы мен білімінің асқарында келді. Оны ұжымы атаусыз қалдырмады. Әдемі келген әдемі жанның мерейін асқақтатып, республикалық ғылыми-теориялық конференция, мектеп оқушылары арасында ғылыми жобалар байқауын өткізді. Мерейтой аясында үш бірдей: бір естелік кітап (Шәрбай Тобжанов рухына арналған) пен екі оқулықтың тұсауы кесілді. Сарышова осы күні де тек той тойлап кетпеді, руханиятқа үлесін ала келді. Риза болмаған жан болмады-ау, сіре?! Туған-туыс, дос-жаран, ұжымы болса да – Сарышованың ғылым жолындағы адалдығына тағы бір мәрте тәнті болды. Нәзік жанның ғылымға келгенде тау қопарар өлермен тірлігі – шынымен де үлгі болды. Үлгі болды, осы мақаланы жазуға түрткі болды. Бәрі үшін рақмет Сізге Сарышова, ғылым мен шәкірт тәрбиелеудегі жолыңызға – Жаратқан жар болсын!

Асыл ҚОЖАБАЙҚЫЗЫ,
Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика БББ-ның аға оқытушысы

Қазіргі таңдағы инклюзивті білім берудің маңыздылығы

Түркістан қаласында ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитетінің ұйымдастыруымен өткен «ЖОО оқытушыларына инклюзивті білім берудің заманауи моделі» тақырыбындағы оқыту семинарына Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің бір топ профессор - оқытушы құрамы қағысты.

Семинарды Грекия мемлекетінің Каподистрия атындағы Афина Ұлттық университетінің оқытушылары жүргізді. Семинар барысында Инклюзивті білім берудің моделімен танысып, жете талқыланды.

Атап айтар болсақ, Қазақстан Республикасы білім беруді дамытуға және адами капиталды қалыптастыруға көп жылдар бойы ұмтылуда. Осы мақсатқа көл жеткізу үшін 2011 жылдан бастап Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын іске асыруға бюджеттен айтарлықтай қолдау бөлінді. (ЮНИСЕФ, 2023) Бұл бағдарламаның негізгі мақсаты - білім беруді барлық балаларға қолжетімді ету, оның сапасын жақсарту және сол арқылы барлық адамзаттың әлеуметтік - экономикалық өсуіне ықпал ету.

Қазіргі таңда кейбір бағалаулар бойынша республикада ерекше білім беруді қажет ететін балалардың саны жыл сайын артып келеді. Осы уақытқа дейін ЕББҚ бар балалар арнайы мектептерде, арнайы сыныптарда, үйде оқу жақсы ұйымдастырылған.

Инклюзивті білім берудің жаңа моделінің негізгі мақсаты барлық балаларға білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыруға және оларды баланың нақты қажеттіліктеріне қарай бағдарланған физикалық және психологиялық қауіпсіз инклюзивті ортада оқытуға бағытталған.

Инклюзивті білім беру - түпкі мақсат емес философияны қабылдайтын, білім берудің үнемі өзгеріп отыратын тенденцияларына сәйкес бағалауды жүргізетін және тәжірибелерді қайта қарайтын бүкіл әлем мамандарымен үнемі тәжірибе алмасуды қажет ететін процесс. Мектеп барлық оқушылардың бейімделу процесін жеңілдету және оларды азамат болуға дайындау үшін ата - аналар қауымдастығымен және басқа да маңызды әлеуметтік топтармен белсенді әрекеттесетін маңызды жүйелердің бірі болып табылады.

Осылайша, инклюзивті білім беру мектептегі білім беру парадигмасын өгертуге және қоғамдастықпен өзара әрекеттесуде мектепті дамытуға мүмкіндіктер жасай отырып, оқу процесін жеңілдетуге және мектепті барлық оқушылар үшін жақсы орынға айналдыруға ықпалы етеді.

Инклюзивті білім беруде - педагогтердің де ұлттық форумдарда, семинар тренингтерде, аймақтық және жаһандық платформаларда тәжірибе алмасулары қажеттілігі туындайды.

Әрине, университет профессор - оқытушы құрамы да алған білімдерімен, тәжірибелерімен бөлісуге әрқашанда дайын екендігін ескере отырып, алдағы уақытта семинар тренингтер ұйымдастырып, бағдарламалар дайындау үстінде.

Ултысын АГБАЕВА,
педагогика ғылымдарының кандидаты,
Сәбира НАСИПОВА,
педагогика ғылымдарының магистрі

ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІНІҢ СТУДЕНТТЕРІ «ЖЫЛ СТУДЕНТІ-2024» БАЙҚАУЫНДА ҮЗДІК АТАНДЫ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті студенттерінің білім алумен қатар, жан-жақты дамуына басымдық береді. Бұл орайда университет пен «Білім Ыбырай» қоғамдық қорының серіктестігі үлкен рөл атқарады. Қор студенттерді кәсіби, тұлғалық, әлеуметтік және тілдік бағытта қолдап, олардың болашақта білікті маман болуына жағдай жасайды. Қазіргі уақытта қордың қолдауымен Қорқыт Ата университетінің 110 студенті білім алууда.

16 қазан күні «Білім Ыбырай» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен ІV дәстүрлі «Ұстаз – ұлт келбеті» атты гала-концерт өтті. Іс-шараға Қызылорда қалалық 7 – шақырылымның депутаты, кәсіпкер Дінмұхамед Абизов, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Әлеуметтік және тәрбие жұмыстары» басқармасының басшысы Жанар Бимұратқызы, қоғамдық қордың демеушілері, жергілікті кәсіпкерлер, БАҚ өкілдері және білім саласының белсенділері қатысты.

Кештің ең басты сәті – «Жыл студенті-2024» байқауының жеңімпаздарын марапаттау болды. Бұл атаққа Қорқыт Ата университетінің «Ыбырай» педагогикалық ұйымының төрағасы, АЯ-



23-7 тобының студенті Шамиль Анарбай ие болып, оған MacBook пен ауыспалы статуетка табысталды. Екінші орын иегері Б-23-1 тобының студенті Айдана Тамабай Apple iPad сыйлығын алды, ал үшінші орынға М-23-1 тобының студенті Қабыл Дүйсек кол жеткізіп, Apple Watch сыйлығын иеленді.

Сонымен қатар, Instagram желісі арқылы ең көп лүпіл жинаған АЯ-22-5 тобының студенті Айша Аубақир «Көрермен көзайымы» номинациясына ие болып, 50 мың теңге көлемінде ақшалай сыйлық алды. Үздік ондыққа кірген 7 студентке арнайы сыйлықтар мен KitarAl дүкенінен 5 мың теңгелік сертификаттар табысталып, Airpacha контент студиясының директоры Ғани Болатұлының атынан 30 мың теңгеден қаржылай қолдау көрсетілді. Белсенді студенттер де арнайы марапаттарға ие болды.

Бұл іс-шара Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің студенттерінің жетістіктерін көрсетіп, олардың шығармашылық және кәсіби дамуына үлкен серпін берді. Университет пен қоғамдық қордың тығыз байланысы студенттердің жан-жақты қалыптасуына зор мүмкіндік тудырды.

Университет студенттері пәндік олимпиададан жеңіспен оралды

Сәрсен Аманжолов атындағы ШҚУ 6В013 – «Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау» бағыты бойынша «Болашақ табысты ұстаз - ұлт кепілі» атты XV республикалық пәндік олимпиадасы өтті.

Олимпиадаға күндізгі оқу бөлімінің 2-3 курс білім алушылары қатысып, жалпы 17 команда, 68 студент білім додасында бақ сынады.

Сайысқа Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің студенттері Арайлым Сәбитқызы, Токжан Сейіт, Айгүл Мұрат және Дариға Бекайдарова қатысты. Команданың ғылыми жетекшісі - магистр, аға оқытушы Айнагүл Абуова.

XV Республикалық пәндік олимпиада төрт кезеңнен тұрды. Нәтижесінде, жеңіс тұғырынан І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті көрінді. Ал ІІ-орынды Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, ІІІ-орынды А.Қ.Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті мен Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті алды.

Сондай-ақ, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің білім алушылары С.Аманжолов атындағы ШҚУ университетінде 6В01202-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу бағыты бойынша «Мектепке дейінгі білім беру тәжірибесіндегі жаңа талаптар мен жетістіктер» атты XVI республикалық пәндік олимпиадасында жеңіс тұғырынан көрінді.

Сайысқа Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің студенттері Сауле Нурымбетова, Ұлдана Орынбасарова, Жансая Ұланқызы, Дильназ Еркінқызы қатысты. Команданың ғылыми жетекшісі - магистр, аға оқытушы Гүлнұр Нақыпова.

Олимпиадаға күндізгі оқу бөлімінің 2-3 курс білім алушылары қатысып, төрт кезең бойынша жалпы 13 команда, 52 студент білім додасында бақ сынады.

Айта кетейік, 2025 жылы аталған білім беру бағдарламасы бойынша Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті пәндік олимпиаданы өткізу мәртебесіне ие болды.

Құттықтаймыз!

Қазан айында Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің студенттері спорттық сайыстарда жеңіс төрінен көрінді.

“Дене шынықтыру және бастапқы әскери дайындық” БББ-ның 2-курс студенті, екі дүркін Азия чемпионы Нұрсұлтан Алтынбек бокстан халықаралық турнирдің жеңімпазы атанды. Корея Республикасының Чхон-Чхун қаласында таеквондо спорт түрінен әлем чемпионатынан «Дене шынықтыру және бастапқы әскери дайындық» БББ-ның 1-курс студенті Нұрай Қазнабек күміс жүлдені еншіледі. Камбоджа елінің Пном Пен қаласында кикбоксингтен ересектер арасында Азия чемпионатында Нұрасыл Тілектесов 3-орын иеленді. Сонымен қатар, ересектер арасындағы халықаралық шахмат турнирінен Нұрдаулет Танатов 2 орынды алды.

Барша жас спортшыларымызды жеңісімен құттықтаймыз. Алдағы жарыстарына сәттілік тілейміз!



Құрметті ғылыми кітапхана қызметкерлері!

«24 қазан – Кітапханашылар күні» кәсіби мерекелеріңіз құтты болсын!

Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға бақ-береке, еңбектеріңізге шығармашылық табыстар тілейміз!



Замануи жалындаған жас буын

Біздің ONE рубрикасы кезекті шығаралымын жалғастырады. Бұл жолы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Х-24-1 оқу тобының студенті, химия саласына деген ерекше қызығушылығымен көзге түскен жас ғалым Ерғали Еркін туралы айтамыз. Ол химия пәні мұғалімдерін даярлауға арналған мемлекеттік грантқа түсіп, өз арманына бір қадам жақындай түсті.



Ерғали университетті таңдағанда, Қорқыт Ата атындағы оқу орнының ғылымға, әсіресе химия саласына ерекше мән беретінін ескерген. Бұл университеттің жоғары білікті мамандар даярлап, студенттерге ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысуға мол мүмкіндік беретіндігі оның таңдауына әсер еткенін жеткізді. Себебі оның ғылымға деген қызығушылығы мектеп шағынан бастау алыпты.

Ол жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар байқауында «Күнделікті қолданыстағы тіс пасталарының химиялық құрамын зерттеу және оларды пайдалану бойынша ұсыныстар

беру» тақырыбындағы жобасымен екінші орынға ие болған. Бұл зерттеуінде ол тіс пасталарының химиялық құрамын талдап, олардың денсаулыққа қауіпсіздігін анықтау үшін ұсыныстар жасаған.

Қазір Ерғали Еркін өз білімін жетілдіріп, болашақта ғылым мен білім саласында жаңа белестерді бағындыруды мақсат етеді. Қорқыт Ата университетін таңдау жас ғалымның жетістікке жету жолындағы маңызды қадамдарының бірі болады деп сенеміз.



Келесі үздік I курс студентіміз – Айдар Ақжол. Ол Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің математика мұғалімдерін даярлау бойынша М-24-1п/я тобында білім алады. Өзінің білімге құштарлығы мен жан-жақты талантының арқасында ҰБТ-дан 121 балл жинап, мемлекеттік грантқа түскен. Айдардың Қорқыт Ата университетін таңдауы да кездейсоқ емес. Ол бұл оқу орнын білім сапасы мен студенттерге берілетін қолдау жүйесі арқылы өз болашағын қалыптастыруға мүмкіндік беретіні үшін таңдаған. Шымкент шаһарынан келген екі

студенттің де таңдауы өңірлік жоғары оқу орындарына түскен. Айтуларына, бакалавр деңгейін өңірлік университеттерден алған тиімді және сапалы дейді.

Айдардың тек математика саласында ғана емес, қоғамдық іс-шараларда да белсенді екенін атап өткен жөн. Ол Мұхтар Әуезовтың 125 жылдығына арналған мерейтойға орай ұйымдастырылған дебат жарысында ағылшын тілі фракциясы бойынша 1-орынды иеленіп, өзінің тіл білімі мен талдау қабілетін дәлелдеді. Сонымен қатар, Cambridge Line Cup дебат турнирінде 2-орынды жеңіп алған. Оның халықаралық ағылшын тілі деңгейін анықтайтын IELTS-тан нәтижесі 5,5 баллды құрайды. Бұл математика саласын таңдаған студент үшін өте жоғары көрсеткіш.

Ол болашақта математика саласында табысты ұстаз ғана емес, көшбасшы ретінде де танылуды мақсат етеді. Қорқыт Ата университетінің мүмкіндіктерін пайдаланып, ол өзінің академиялық және жеке қабілеттерін одан әрі жетілдіріп, үлкен жетістіктерге жетуге талпынатынын айтты. Қазірдің өзінде ол университетіміздің педагогикалық бағыттағы «Ұлағат ұландарын» ұйымының төрағасы болып жұмысын бастамақ. Біздің белсенді I курс студенттеріміз болашақта елдің көшбасында тұратынына сенеміз!

25 қазан – Республика күні мерекесіне орай, ғылым және білім беру саласындағы зор үлесі мен білікті мамандар даярлаудағы жетістіктері үшін марапатталады

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды:	
1	Каримова Бейбіткүл Сәрсемханқызы
Баскарма Төрағасы – Ректор, филология ғылымдарының кандидаты.	
ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің бұйрығымен марапатталды:	
«Ахмет Байтұрсынұлы» төсбелгісі:	
1	Туякбаев Габит Өнешұлы
2	Базартай Жандос Нуртайұлы
филология ғылымдарының кандидаты, қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика білім беру бағдарламаларының аға оқытушысы.	
DBA, Баскарма мүшесі – әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректоры	
«Ана тілін дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісі:	
1	Боранбай Болат Елтайұлы
филология ғылымдарының кандидаты, қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика білім беру бағдарламаларының аға оқытушысы.	
«Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен:	
1	Сәтбай Тастанбек Яхьяұлы
2	Талапбаева Гульнар Едиловна
3	Сыдықова Гульнар Кудайбергеновна
4	Абызбекова Гульмира Минбаевна
5	Әжібеков Айдос Қазбекұлы
тарих ғылымдарының докторы, тарих және археология білім беру бағдарламаларының аға оқытушысы;	
экономика ғылымдарының кандидаты, экономика және басқару білім беру бағдарламаларының аға оқытушысы;	
техника ғылымдарының кандидаты, электр энергетикасы, техносфералық қауіпсіздігі және экология білім беру бағдарламаларының аға оқытушысы;	
химия ғылымдарының кандидаты, биология, география және химия білім беру бағдарламаларының аға оқытушысы;	
философия докторы (PhD), физика және математика білім беру бағдарламаларының аға оқытушысы.	

1 қазан – ҚР Жоғары білім қызметкерлері күніне орай, білім беру саласына қосқан үлесі үшін марапатталады

«Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісі	
1	Абдрашева Дана Мейрамовна
2	Жарылғапова Дина Муратовна
3	Жусупова Лайла Ажибаевна
4	Абиенов Жаркынбек
5	Бөкір Әбдіжәлел Қошқарұлы
6	Бұхарбаева Ақмарал Жетібаевна
7	Нурланбекова Ериякул Қашкынбековна
8	Шилдебаева Ляззат Қадырбековна
экономика ғылымдарының кандидаты, педагогика және басқару білім беру бағдарламаларының аға оқытушысы.	
техника ғылымдарының кандидаты, дизайн және технологиялар білім беру бағдарламасы аға оқытушысы.	
«Ахмет Байтұрсынұлы» төсбелгісі	
1	Айтбаева Айман Ералықызы
филология ғылымдарының кандидаты, қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика білім беру бағдарламаларының аға оқытушысы.	
«Ана тілін дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісі	
1	Қошқаров Серикбай
техника ғылымдарының докторы, су шаруашылығы және жерге орналастыру білім беру бағдарламасының профессоры.	

Бұдан басқа, бір топ профессор-оқытушы ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Құрмет дипломы, Құрмет грамотасы және алғыс хатымен марапатталды.

<p>Құрылтайшы: Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитеті тексеріліп, №КЗ29VPY00077786 куәлігі берілген.</p> <p>Бас редактор: Қ.Ә.Омаров</p>	<p>АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:</p> <p>Б.С.КӨРІМОВА - Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Баскарма Төрағасы-Ректоры М.Ә.БӨРІБАЕВА - Баскарма мүшесі-Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор Ж.Н.БАЗАРТАЙ - әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор Г.ДҮЗЕЛБАЕВА - Тұлғалар қауымдастығының төрайымы</p>	<p>Жауапты редактор: Азамат Абинолда</p> <p>Техникалық редактор: Асқар Алданышұлы</p>	<p>SYR TULEGI student jastar gazetі</p> <p>Жарияланған мақаладағы автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді. Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды. «Сыр түлегіне» жарияланған мақала көшірініп басылса, сілтеме жасалуға міндетті.</p>
--	--	---	--